

## Акциясының ережелері

1. Осы Ережелер арқылы «Visa ұсынған жаңа жылдық сыйлықтар» Акциясын (әрі қарай – «Акция») өткізу тәртібі мен шарттары анықталады.
2. Акция жеңімпаздары осы Ережелерде айтылған критерийлерге сәйкес анықталатын болады.
3. Акция Ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы, 132, 5-кеңсе мекенжайы бойынша орналасқан «ROI GROUP» (РОИ Групп) (БСН 151240005397) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – «Ұйымдастырушы») болып табылады.
4. Акция Серіктестері:  
Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассосиэйшн) (әрі қарай – «Visa») болып табылады;
4. Акция мағынасы мен анықтамасы бойынша «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңына және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
5. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды.
6. Акцияға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын, тұруға ықтиярхаты бар, осы Ережелердің барлық талаптарының шарттарын тиісінше орындаған жеке тұлғалар (әрі қарай – «Акция Қатысушысы») қатыса алады.
7. Акцияға келесілер қатыса алмайды және қатыспайды: Акция Ұйымдастырушысымен немесе Серіктеспен кез келген белгілер бойынша және кез келген нысанда үлестес тұлғалар, соның ішінде қызметкерлер, олардың жақын туыстары (күйеуі/әйелі, ата-анасы (ата-ана), қызы, ұлы, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек бауырлары мен әпкелі-сіңлілері, әжелері, аталары, немерелері), Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, осы Ережелердің 7-бабында көрсетілмеген өзге де тұлғалар.
8. Акция 2 кезеңдік конкурстан тұрады:
  - 8.1. Бірінші кезең «Жаңа жылдық сыйлыққа арналған ойыншықты таңдау» (әрі қарай – «Бірінші кезең»);
  - 8.2. Екінші кезең «Пряникті достарыңызбен бөлісіңіз» (әрі қарай – «Екінші кезең»).
9. Акцияның жүлде қоры:

№	Жұлденің атауы	Жұлделердің жалпы саны	Жеңімпаздар саны
1	MARWIN/Меломан дүкендер желісінен 25 000,00 (Жиырма бес мың) теңгеге зат сатып алуға сертификат (әрі қарай – Жұлде)	23 Сертификат	Бірінші кезеңде: 3 Жеңімпаз (Әр Жеңімпазға бір-бірден, барлығы 3 (Үш) сертификат) Екінші кезеңде: 5 Жеңімпаз (бір Жеңімпаз өзіне және 3 (Үш) досына 4 (Төрт) сертификат алады)
10. Акцияны өткізу кезеңі (әрі қарай – «Акция кезеңі»):
  - 10.1. Бірінші кезең Астана уақытымен 2022 жылғы 26 желтоқсан 00 сағат 00 минуттан бастап 2022 жылғы 26 желтоқсан 23 сағат 59 минутқа дейін өткізіледі.
  - 10.2. Екінші кезең Астана уақытымен 2022 жылғы 27 желтоқсан 00 сағат 00 минуттан бастап 2022 жылғы 29 желтоқсан 23 сағат 59 минутқа дейін өткізіледі.
11. Акция жеңімпаздарын (негізгі және резервтік) Ұйымдастырушы анықтайды:

- 11.1. Бірінші кезеңде 27 желтоқсан 2022 ж.;
- 11.2. Екінші кезеңде 30 желтоқсан 2022 ж.;
- 11.3. Жеңімпаздар осы Ережелердің шарттарын толық орындаған Акция Қатысушылары арасында random.org сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен анықталатын болады.
12. Ұтыс ойыны Instagram-дағы @visakz\_official парақшасында тікелей эфирде трансляцияланатын болады.
13. Акцияға қатысу шарттары:
  - 13.1. Бірінші кезеңге қатысу үшін:
    - Instagram-дағы [https://www.instagram.com/visakz\\_official/](https://www.instagram.com/visakz_official/) адресі бойынша орналасқан Visa Kazakhstan (@visakz\_official) парақшасының оқырманы болу;
    - Instagram желісінде @visakz\_official парақшасында жарияланған интерактивті стористе ойыншықты **бір рет** таңдау, сондан кейін Қатысушы Жұлделер ұтыс ойынына автоматты түрде қатысады.
  - 13.2. Екінші кезеңге қатысу үшін:
    - Instagram-дағы [https://www.instagram.com/visakz\\_official/](https://www.instagram.com/visakz_official/) адресі бойынша орналасқан Visa Kazakhstan (@visakz\_official) парақшасының оқырманы болу;
    - Instagram-дағы өз парақшасында шаблон бойынша пряникпен сторис жариялау, жүлдемен бөлісетін 3 (Үш) досыңыздың Instagram аккаунтын және @visakz\_official аккаунтын белгілеу қажет.
    - \* Жариялауға арналған пряник бар сторис шаблонын @visakz\_official аккаунтының сақталған стористерінен тауып алыңыз.
  - Акцияға осы Ережелердің 11-бабының талаптарына сәйкес жарияланған Қатысушының бір сторисі ғана қатысады;
- 13.3. бір Жеңімпаз тек бір Жүлде алуға құқылы. Бір тұлғаның әр түрлі аккаунттан қатысуына рұқсат етілмейді.
- 13.4. бүкіл Акция мерзімінде Қатысушының Instagram желісіндегі парақшасы ашық, шынайы парақша (яғни, нақты бір жеке тұлғаға тиісті болуы керек) және коммерциялық болмауы тиіс;
- 13.5. Акцияға боттар, сондай-ақ конкурстар, акциялар, ұтыс ойындары мен Instagram-да және/немесе Интернетте өткізілетін басқа да жарнамалық науқандар үшін арнайы құрылған парақшалар қатыстырылмайды.
14. Ұйымдастырушы Жеңімпаздарды және Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша Жүлде алуға құқылы тұлғаларды (әрі қарай – Жеңімпаздың Достары) осы Ережелердің 11-бабына сәйкес Жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қатысушының және Жеңімпаздың Достарының Instagram Direct парақшасына хабарлама жіберу арқылы ұтыс туралы хабарлайды.
15. Егер Жеңімпаз Ұйымдастырушының хабарламасына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жүлдеден бас тартса, Ұйымдастырушы бірінші резервтік жеңімпазбен байланысады, ал бірінші резервтік жеңімпазбен байланыса алмаса, екінші резервтік жеңімпазбен және т. с. с. байланысады.
- 15.1. Егер Жеңімпаздың Достары Ұйымдастырушының хабарламасына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жүлдеден бас тартса, бұл Жүлде талап етілмеген болып саналады және Ұйымдастырушы оны беруден бас тартуға құқылы. Бұл ретте Жүлдені қайта талап етуге болмайды.

- 15.2. Жүлдегер жүлдені талап етпесе немесе оны алудан кез келген себептермен бас тартса, Ұйымдастырушы талап етілмеген Жүлдені өз бетінше қолдану құқығын өзіне қалдырады.
16. Ұйымдастырушының сұратуы бойынша Жеңімпаз келесі ақпаратты: аты-жөнін, жеке куәліктің көшірмесін; пошта индексі көрсетілген нақты тұратын мекенжайын; байланыс телефонын беруге міндетті.
- 16.1. Жүлдені беру мақсатында Жеңімпаздың Достары Ұйымдастырушының сұрауы бойынша Ұйымдастырушыға келесі ақпаратты ұсынады: аты-жөні, жеке куәліктің көшірмесі, пошта индексі көрсетілген нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефоны.
17. Алаяқтық жағдайлардың алдын алу үшін Ұйымдастырушы Жеңімпаздармен/Жеңімпаздың Достарымен Instagram-дағы @visakz-official аккаунтынан және/немесе + 7 701 4102392 ұялы телефон нөмірі/WhatsApp арқылы байланысады.
18. Жүлдені беруді Ұйымдастырушы осы Ережелердің 16-бабында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Жеңімпаздың, Жеңімпаздың Достарының (Жеңімпаз, Жеңімпаздың Достары ұсынған) пошта мекенжайына жіберу арқылы жүзеге асырады. Жүлдені алған кезде Жеңімпаз, Жеңімпаздың Досы жеке куәлігінің көшірмесін беріп, қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Жүлдемен фотоға түсуі тиіс.
19. Ұйымдастырушы және Серіктес Ұйымдастырушы мен Серіктестің қатысы жоқ кез келген себептермен Жеңімпаздың немесе/және Жүлде алуға құқылы тұлғаның Жүлдені алу мүмкіндігі болмағаны үшін жауапкершілік тартпайды.
20. Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаз және/немесе Жеңімпаздың Достары алған Жүлденің әрі қарайғы пайдаланылуы үшін жауапкершілік тартпайды.
21. Егер Жүлде осы Ережелердің 18-бабында аталған себептен алынбаса, Жеңімпаз оны қайта талап ете алмайды. Осындай Жүлделерді алмау бойынша шағымдар қаралмайды.
22. Алған Жүлделер айырбасталмайды және қайтарылмайды. Жүлделердің ақшалай баламасы берілмейді.
23. Акция туралы ақпарат, Акцияның елеулі өзгертулері, Акция Жеңімпаздары және басқа да ақпарат Instagram-дағы @visakz\_official парақшасында орналастырылады.
24. Ұйымдастырушы кез келген уақытта өз қалауымен, осы туралы Акция Қатысушыларына және барлық мүдделі тұлғаларға осы Ережелерде анықталған әдіспен, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес хабарлай отырып, Акцияны өткізу ережелерін, жүлде қорын толықтыруға және/немесе мерзімін өзгертуге, сонымен қатар Акцияның өткізілуін толық немесе ішінара тоқтату, уақытша тоқтату, оны өткізуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
25. Ұйымдастырушы және Серіктес Акция Қатысушысы жіберген қателіктердің қандай да бір салдары үшін, соның ішінде оның шығындары үшін жауапты емес.
26. Ұйымдастырушы Жүлденің Қатысушылардың жеке болжамдарымен сәйкес келмегені үшін жауап бермейді.
27. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы даусыз, сөзсіз және қайтарылмайтын тәртіпте Ұйымдастырушы мен Серіктестерге Қатысушының аты-жөнін, жеке деректерін, сұхбатты немесе оның Акцияға қатысуға байланысты басқа материалдарын, соның ішінде Акция қатысушысының суреті мен бейнетүсірілімін қолдану, сонымен қатар Акция туралы жарнамалық ақпаратты тарату кезінде Акция Қатысушысы бар сурет пен бейнежазбаларды шектеусіз мерзімге және аумақ бойынша шектеусіз, және осындай пайдалану үшін қандай да бір сыйақы төлеместен қолдану құқығын береді.
28. Жүлдені алуға келісе отырып, және өз деректерін ұсына отырып, Қатысушы Ұйымдастырушымен Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңында (әрі қарай – Заң) көзделген ережелерге сәйкес жеке деректерді өңдеуге, соның ішінде жүйелендіруге, жинауға, сақтауға,

нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), шығарып алуға, қолдануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, Акцияны өткізу мақсатында оны бүкіл өткізілу мерзімінде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде жоюға берген өз келісімін растайды. Көрсетілген келісімді Қатысушы Ұйымдастырушыға «ROI GROUP» (РОИ Групп) ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы 132, 5-кеңсе мекенжайына табыстау туралы хабарламасы бар тиісті тапсырыс хатты жіберу арқылы кез келген уақытта қайтарып ала алады.

29. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының дербес деректерін Ұйымдастырушы мен Серіктестің Акцияны өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуіне еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы түрде келісім білдіруі болып табылады.

30. Осы Ережелердің мақсаттары үшін жеке деректер деп айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат түсініледі.

31. Акция Қатысушысы Акцияға қатысуға байланысты өз құқығын үшінші тұлғалардың пайдасына (оның ішінде Жүлдені алу құқығын) табыстауға құқығы жоқ.

32. Акцияға қатысу фактісі Акция Қатысушысының осы Ережелермен танысқанын және келісетінін растайды. Ережелермен келісу толық және шүбәсіз болып табылады.

33. Акцияның барлық нәтижелері, сонымен қатар Акция Ұйымдастырушысының және Серіктестің шешімдері ақырғы болып табылады және оған шағым жасауға болмайды.

34. Ұйымдастырушы және Серіктес осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа кезде және даулы жағдайлар туындағанда, Акция қатысушыларымен жазбаша келіссөздер жүргізбеу немесе өзге жолмен байланысқа түспеу құқығын өзіне қалдырады.

35. Осы Ережелерде көзделмеген жағдайда ақырғы шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды.

36. Акцияға қатысуға, ұтыстарды өткізуге, Жүлделерді таратуға және өзге мәселеге байланысты қандай да бір сұрақтар туындағанда, Акция Қатысушысы [agency@roi.kz](mailto:agency@roi.kz) электрондық адресіне хат жазу арқылы Ұйымдастырушыға хабарласа алады. Ұйымдастырушының жауап хаты Акция Қатысушысынан хат алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жіберілетін болады.

37. Осы Ережелер Акцияның ресми құжаты болып табылады.